

Жария сервитутты белгілеу туралы

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының әкімдігінің 2022 жылғы 21 шілдедегі № 39/10 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 17-бабының 1-1) тармақшасына, 69-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес Ақтоғай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Қазақстан Фортескью" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатты пайдалы қазбаларды барлау үшін, жалпы көлемі 12544,5395 гектар жер учаскесін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймай 2028 жылдың 4 сәуіріне дейін жария сервитут белгіленсін.

2. "Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтоғай ауданы әкімінің жетекшілік ететін мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Әбеуова

Ақтоғай ауданы әкімдігінің
2022 жылғы 21 шілдедегі
№ 39/10 қаулысына
қосымша

"Қазақстан Фортескью" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатты пайдалы қазбаларды барлау үшін, жалпы көлемі 12544,5395 гектар жер учаскесін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймай 2028 жылдың 4 сәуіріне дейін жария сервитут белгілеу кестесі

№	Атауы	Жария сервитут белгілеудің жалпы алаңы, га	Оның ішінде	
			ауыл шаруашылығы алқаптары, жайылым га	Өнеркәсіп көлік, байланыс жерлері га
1	Қараменде би ауылдық округінің босалқы жер қоры	1455,2454	1454,5395	0,7059
2	Р.Дауреновтің "Ескендір" шаруа қожалығының жерлері (09-102-008-159)	4165,3240	4164,2714	1,0526

3	М.Сюндикованың "Бауыржан" шаруа қожалығының жерлері (09-102-008-179)	731,5395	731,5	0,0395
4	Г.Мейрманованың "Тәттібек" шаруа қожалығының жерлері (09-102-008-206)	789,6861	789,6861	0
5	Г.Мейрманованың "Тәттібек" ының шаруа қожалығының жерлері (09-102-008-151)	1200,0	1199,0	1,0
6	Г.Мейрманованың "Тәттібек" шаруа қожалығының жерлері (09-102-008-205)	708,2238	708,2238	0
7	С.Рахыжановтың "Салауат" шаруа қожалығының жерлері (09-102-008-158)	590,0	590,0	0
8	Е.Нуртазинның "Бахтияр" шаруа қожалығының жерлері (09-102-008-013)	11,6927	11,6927	0
9	Е.Нуртазинның "Бахтияр" шаруа қожалығының жерлері (09-102-008-101)	1098,3553	1097,8000	0,5553
10	Е.Нуртазинның "Бахтияр" шаруа қожалығының жерлері (09-102-008-133)	130,8379	130,8379	0
11	Р.Ақтаубаеваның шаруа қожалығының жерлері (09-102-008-118)	150,0	150,0	0
12	Е.Нуртазинның "Амангелді" шаруа қожалығының жерлері (09-102-008-186)	481,8409	481,0	0,8409

13	П.Ертаубаеваның "Қуандық" шаруа қожалығының жерлері (09-102-008-134)	58,7391	58,7391	0
14	Р.Дауреновтің "Ескендір" шаруа қожалығының жерлері (09-102-008-169)	308,4725	308,0	0,4725
15	С.Рахыжановтың "Салауат" шаруа қожалығының жерлері (09-102-008-222)	658,7823	658,2	0,5823
16	С.Рахыжановтың "Әнуар" шаруа қожалығының жерлері (09-102-006-223)	5,8	5,8	0
17	Барлығы	12544,5395	12539,2905	5,249